

The background of the slide is a dense field of daisies. The flowers are in various shades of pink and light purple, with some having white petals and brown centers. The overall effect is soft and decorative.

# **Сабақтың тақырыбы:**

Абай өлеңдерінің тақырыбы,  
маңызы, ерекшелігі.

## **Сабақтың жалпы мақсаты:**

-Абай өлеңдерін талдай отырып тақырыбын, маңызын, идеясын, көркемдік ерекшелігін аша білу;

-Оқушылардың сөйлеу мәнерін, сөйлеу шеберлігін дамыта отырып, шығармашылық белсенділіктерін, өз ойын тұжырымдап айта білуін, тілін, ой-қиялын дамыту;

-Абай шығармаларында көтерген тақырыптарды түсіне отырып, білімді, оқуды құрметтеуге, басқалардың көзқарасын сыйлай білуге, адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу;

# Психологиялық дайындық:

1-топ. Жерден ауыр не?

2-топ. Судан терең не?

3-топ. Көктен биігі не?

## Үй тапсырмасын сұрау. “Ыстық микрофон”

1. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы айту.
2. Абайдың “Ей сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды... Мен ішпеген у бар ма! ...” деген тарихи сөзі қандай оқиғаға байланысты айтылған?
3. А. Байтұрсынұлы Абайды қалай бағалаған ?













СТАВУ  
СТАВУ



**Білемін**

**Білдім**

**Мен үшін  
жаңалық**



# Ойлан. Жұптас. Бөліс.

1. Жұмбақтар.
2. Портрет.





Пушкин





Крыло



Лермонто



## Жұмбақ.

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,  
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.  
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,  
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.



## **Жұмбақ.**

Қара жер адамзатқа болған мекен,  
Қазына іші толған әртүрлі кен.  
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,  
Солардың ең артығы немене екен?

## **Жұмбақ.**

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің,  
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.  
Жан құмары дүниеде немене екен-  
Соны білсең әрнені білгендерің.

# Борт журналы.

Түйінді сөз.

Сурет немесе схема.







еңбек

талап

қанағат

Адам  
болам  
десеңіз

рақым

**өсек**

**өтірік**

**Надандықтың белгісі**

**бекер мал  
шашпақ**

**еріншек**

**мақтаншақ**



# Граффити мәтіні.

## Мақалдар.

1. Алтыннан қымбат сөз айтсаң, ақымақ құлақ салмайды.
2. Жаман жолдас жолдасын жолда қалдырар.
3. Келбеті келгеннен кеңес сұра.
4. Оқығанның көңілі – жетік, сөзі – майда.
5. Ұлық болсаң – кішік бол.
6. Ар қайда болса, ұят сонда.
7. Адам өзгенің қадірін өзі арқылы түсінеді.

**Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық, -  
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.**

**Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
Жол да жоқ жарыместі “жақсы” демек.**

**Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.**





## **Сабақты бекіту:**

- 1.Рефлексия. “Сабақтың жеке өзіңе берері болды ма?”
- 2.Түсіну дәрежелерін бақылай отырып бағалау.
- 3.Үйге тапсырма беру. “Абай – ақындық мектеп” (Эссе).

